



## • АҚОРДА

## Үкіметтің жаңа құрамы жасақталды

### Қазақстан Республикасы Президентінің ҚР Премьер-Министрін тағайындау туралы ЖАРЛЫҒЫ

2024 жылғы 06 ақпан

Олжас Абайұлы Бектенов Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі болып тағайындалсын, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев  
Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан  
№ 447

Сондай-ақ, Үкіметінің жаңа құрамы туралы Жарлық жарияланды:

**Роман Васильевич СКЛЯР** – Премьер-Министрдің бірінші орынбасары,

**Ғалымжан Тельманұлы ҚОЙШЫБАЕВ** – Премьер-Министрдің орынбасары – Үкімет Аппаратының Басшысы,

**Мұрат Әбугалиұлы НҮРТІЛЕУ** – Премьер-Министрдің орынбасары – ҚР Сыртқы істер министрі,

**Нұрлан Серікұлы БАЙБАЗАРОВ** – Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі,

**Тамара Босымбекқызы ДҮЙСЕНОВА** – Премьер-Министрдің орынбасары,

**Серік Мақашұлы ЖУМАНҒАРИН** – Премьер-Министрдің орынбасары,

**Руслан Фатихұлы ЖАҚСЫЛЫҚОВ** – ҚР Қорғаныс министрі,

**Ержан Сапарбекұлы СӘДЕНОВ** – ҚР Ішкі істер министрі,

**Азамат Несіпбайұлы ЕСҚАРАЕВ** – Әділет министрі,

**Мәди Төкешұлы ТӘКИЕВ** – Қаржы министрі,

**Алмасадам Майданұлы СӘТҚАЛИЕВ** – Энергетика министрі,

**Ақмарал Шәріпбайқызы ӘЛНАЗАРОВА** – Денсаулық сақтау министрі,

**Айдарбек Сейіпұлы САПАРОВ** – Ауыл шаруашылығы министрі,

**Шыңғыс Сайранұлы ӘРІНОВ** – Төтенше жағдайлар министрі,

**Бағдат Батырбекұлы МУСИН** – Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі,

**Ғани Бектайұлы БЕЙСЕМБАЕВ** – Оқу-ағарту министрі,

**Ерлан Нұралыұлы НЫСАНБАЕВ** – Экология және табиғи ресурстар министрі,

**Саясат НҮРБЕК** – Ғылым және жоғары білім министрі,

**Нұржан Молдиярұлы НҮРЖІГТОВ** – Су ресурстары және ирригация министрі,

**Аида Ғалымқызы БАЛАЕВА** – Мәдениет және ақпарат министрі,

**Ермек Боранбайұлы МАРЖЫҚПАЕВ** – Туризм және спорт министрі,

**Марат Кәрімжанұлы ҚАРАБАЕВ** – Көлік министрі,

**Светлана Қабыкенқызы ЖАҚЫПОВА** – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі,

**Қанат Бисімбайұлы ШАРЛАПАЕВ** – Өнеркәсіп және құрылыс министрі,

**Арман Абайұлы ШАҚҚАЛИЕВ** – Сауда және интеграция министрі.

## • ДЕНСАУЛЫҚ

## Ахуал тұрақтанған жоқ

Мамандардың айтуынша, аймақта қызылшаға қатысты эпидемиологиялық ахуал әлі тұрақтанған жоқ. Қызылша жұқтыру күдігімен күнделікті тіркелушілер азаймай тұр.

Қызылша жұқтыру деректері облыстың барлық өңірлерінде бар. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің баспасөз қызметі хабарлағандай, Қарағанды, Балқаш, Шахтинск қалаларында, Нұра және Қарқаралы аудандарында ауырғандар облыстық көрсеткіштермен салыстырғанда жоғары. Онда науқастар 14 жасқа дейінгі балалар басым. Олардың жартысына жуығы – 1-4 жас аралығындағы балалар.


Ел бойынша күніне қызылша жұқтырған 350 адам тіркеледі. Жүргізілген талдаулардың 80%-ынан астамы вакцинация алмағандар екенін көрсетеді. Балаларға қызылшаға қарсы вакцинация елімізде тұрақты түрде жасалады. Қазір эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуіне байланысты қосымша иммундау шаралары енгізілді. Қызылшаның таралуы мен өршуі тікелей иммунизацияға бай-

ланысты. Себебі, оны вакцинамен «басқаруға» болады. Ата-аналар екпеден бас тарту арқылы аурудың одан әрі таралуына жағдай жасап отырғанын білсе деймін.

Сондықтан, қызылшаға қарсы вакцина алуға шақырамын, – дейді Қарағанды қаласының №4 емхананың эпидемиолог дәрігері Баян Қасымбекова.

Қызылша ауыр асқынуларға алып келуі мүмкін. Атап айтқанда, отит, пневмония, жүйке жүйесі жағынан, энцефалит, менингит, панэнцефалит. Екпе сенімді қорғанышты қамтамасыз етеді. Қызылшаға қарсы екпе алған балалар да оны жұқтыруы мүмкін. Бірақ, ол жеңіл өтіп, асқындырмайды. Сондықтан, мамандар бір ауыздан вакцинация ауру мен асқынудың алдын алудың бірден-бір жолы деп пайымдайды.

Өз тілшімізден



## • ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

## Экономика елге қызмет етуі тиіс

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен жаңа құрамдағы Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Өткен жылға қорытынды жасалып, жаңа Үкіметтің міндеттері белгіленген жиында экономикалық ахуалға қатысты өзекті мәселелер айтылды. Олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, Үкіметке нақты тапсырмалар берілді. Кеңейтілген отырысқа Премьер-Министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебаев, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың басшылары қатысты.



Сурет: Almaty.kz/can/1100000

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Экономикалық табыс басты назарда болады

Өткен жылы ұлттық экономиканың өсуі – 5,1%. Біз ел дамуының он динамикасын сақтай алдық. Алда көп жұмыс бар. Үкіметтің алдында нақты мақсатты бағдар тұр. 2029 жылға қарай экономиканы 450 миллиард долларға дейін ұлғайту. Ол үшін елдің ЖІӨ жыл сайын кем дегенде 6%-ға өсуі керек. Бұл ретте макроэкономикалық көрсеткіштер азаматтардың нақты табысының озық өсуін қамтамасыз етуі маңызды. Алайда, дамуда сапалы серпіліс жасау үшін ойластырылған және шешуші әрекеттер қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Кемелұлының айтуынша, Үкімет пен әкімдер жұмысқа деген көзқарастарын түбегейлі қайта қарауы керек. Яғни, бюрократия емес, тиімділік қажет. Мәселелерді жедел шешуді және экономиканы дамытудың ұзақ мерзімді көзқарасын біріктіретін жүйелі тәсіл қажет.

Одан бөлек, Президент экономикалық күн тәртібіндегі бірқатар негізгі міндеттерді де атап өтті. Мәселен, бюджет және салық саясатының тиімділігін түбегейлі

арттыру қажет. Соңғы бес жылда бюджет тапшылығының көлемі 11 триллион теңгеден асуына байланысты Үкімет бюджетті тиімді басқару, бюджеттік параметрлерді сапалы болжауы тиіс.

Мемлекет басшысы Үкімет отырысында қозғаған тағы бір жүйелік проблема – экономикалық белсенділікті ынталандыруға бағытталмаған бюджетті бөлу тәртібінде. Айтуынша, қаржы ағымдағы міндеттерге жұмсалды, ал стратегиялық мақсаттар артта қалады. Осыған байланысты, Үкімет барынша экономикалық табыс алуға баса назар аударатырып, шығыстардың нақты басымдықтарын айқындауы тиіс.

Бүгінде елімізде арнайы құрылған инвестициялық штаб арқылы Салық кодексі әзірленуде. Ол қабылданар болса, инвесторларға қолайлы жағдай жасалып, бюджетке түсетін түсімдердің қажетті деңгейін ұстап тұру арасындағы ақылға қонымды теңгерімдер қамтамасыз етіледі.

– Сыртқы және ішкі инвестициялар легін арттыру қажет. Бұл – құрылған инвестициялық штаб үшін басты міндет. Штаб инвестициялар тартудың біртұтас экосистемін қалыптастырып, даму институттарының

жұмысын жандандырып, шет елдердегі мекемелер, орталық және өңірлер арасында нақты өзара іс-қимыл орнатып, бизнес-қоғамдастықпен тиімді диалог құруы тиіс. Ең бастысы – қажетті шешімдерді уақтылы қабылдау. Ведомстволар басшыларының барлық шетелдік іссапарлары практикалық қайтарымға ие болуы керек, бұл олардың нәтижелері бойынша Үкімет басшылығына қажет болған жағдайда Президент алдында есеп беру керек дегенді білдіреді. Инвестициялық жобаларды жүзеге асырудағы проблемалар әсіресе жергілікті деңгейде айқын көрінеді. Әкімдер ескі тәсілмен жеке салымдарды тартудың орнына бюджет қаражатын нокаутқа түсіруге баса назар аударды. Жеке инвестицияларды тарту міндеті әкімдер үшін ең маңыздыларының бірі болуы тиіс, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бірінші жартыжылдықта инвестициялық штаб жұмысының қорытындысы шығарылатынын да жеткізді. Тиісінше, әрбір министр мен әкім қызметінің тиімділігі нақты бағаланбақ.

### Асыра сілтеуге жол жоқ

Сонымен қатар, Президент инвестицияның тағы бір көзі – заң-

сыз шығарылған активтерді қайтару болуы тиіс екенін айтты. Ал, түскен қаражат маңызды жобаларды жүзеге асыруға бағытталмақ. Бірақ, аталған жұмыста құқық қорғау органдары тарапынан асыра сілтеу болмауы керек екеніне де ерекше тоқталды. Бұл әлеуметтік әділетсіздікті жою тұрғысынан ерекше маңызды әрі экономикалық міндетті шешуге арналғандықтан, бұл жұмыстың беделін ешкім түсірмеуі тиіс.

Үкімет отырысында басымдық берілген келесі мәселе – мемлекеттік сатып алу жүйесін, мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті, құрылыс саласын реттеуді реформалау. Ал, бұл бағыт инвестициялар тарту, сондай-ақ, бюджет қаражатын тиімді пайдалану саласындағы реформаларды органикалық түрде толықтыруы тиіс.

– Қазіргі уақытта құрылыс саласындағы сараптамаға мемлекеттік монополияны қайтару мәселесі белсенді талқылануда. Азаматтардың қауіпсіздігі – басты басымдық, сондықтан, құрылыс сапасын бақылауды арттыру қажет. Бірақ, Үкімет осы баскелестік нарықты мемлекеттің толық иемденуіне жол бермеу үшін мүдделер тепе-теңдігін сақтауы керек. Салада үлестік құрылысқа, заңсыз және нұктелік құрылысқа, осы реформасына қатысты өзекті мәселелер де жинақталды. Азаматтар үнемі наразылық білдіреді, бірақ уәкілетті органдар тарапынан бұл проблемаларды шешу үшін пәрменді шаралар әлі жоқ. Жыл соңына дейін Үкіметтен осы бағыттағы нақты нәтижелерді күтеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, Президент елдің өнеркәсіптік дамуына жаңа серпін беруді талап етті. Ол үшін былтыр жеке министрлік те құрылған болатын. «Уақыт жеткілікті болды, нақты нәтижелерді көрсететін кез келді» деген Қасым-Жомарт Тоқаев сала мен инвесторлар үшін бағдарларды әзірлеуі тиіс екенін қадап айтты. Айтуынша, өндірістерге инвестицияларды ынталандыратын нақты шаралар мен тәсілдер әлі әзірленбеген.

### Агроөнеркәсіптік кешенге ерекше көңіл

Тағы бір басым міндет – агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және су ресурстарын ұтымды пайдалану. Бұл саладағы басты проблема – инвестицияның жетіспеушілігі. Тоған техника өнімділіктің төмендігіне әкеледі.

▶ 2-бет

## • БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

## «Банк қоңырауы шалмайды!»

«Шыбын да аңқаудың аузын аңдиды». Интернет алаяқтардың айылын жигызбай тұрғаны да осы әдетіміз. Қылмыстың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары қолдан келер дәременің бәрін жасап, қазір шарасыз күйде. Жер астына түскен жоқ. Бірақ, 12 метрлік баннерге жазу жазып, әуе шарымен аспанға да ұшты. Жеке уақытты ысырып қойып, күн демей, түн демей үй аралап, жеке тілдесуге қошты полиция қызметкерлері қазір. Сонда да сұрағанға жеке деректерін жайып салып, артынан ауызы аппақ болып отыратындар күн санап көбейіп келеді. Таңдау көп болғаннан кейін интернет алаяқтар да жайлы әрі жақсы жерді іздейді. Мәселен, Қарағанды қаласы бойынша интернет алаяқтық ең көп тіркелетін жер – Оңтүстік-Шығыс бөлік. Полиция бөлімдері интернет алаяқтарға қатысты күніне кемі бес қылмыс тіркемесе, елеңден отыратын күйге жеткен.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласы полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Шахназар Салиннің айтуынша, былтыр интернет алаяқтық екі есе өсіп, 2482 қылмыс тіркелген. 2022 жылы бұл көрсеткіш – 1676 істі құраған. Ал,

билығы ақпан айының өзінде ғана 109 іс тіркелген.

Интернет алаяқтық – Қарағандының ғана емес, бүкіл республиканың проблемасы. Күн сайын ең көп тіркелетін қылмыс түрі де – осы. Аталған қылмыстық құқық бұзушылық қаланың Оңтүстік-Шығыс бөлігінде өте көп. Себебі,



Сурет: Almaty.kz/can/1100000

жаңадан тұрғын-үй кешендері бой көтеріп, тұрғындар саны да жыл сайын артып келеді. Мәселен, қазір қырыққа тарта үйдің құрылысы жүруде. Ал, аталған секторда 200 мыңнан астам адам тұрады. Одан бөлек, қаланың дәл

осы бөлігінде жоғарғы оқу орны, сегіз колледж, алты жатақхана, отызға тарта мектеп, сондай-ақ, отыздан астам ірі сауда үйлері бар, – дейді Шахназар Әбдішәліұлы.

▶ 2-бет



# Экономика елге қызмет етуі тиіс

(Соңы Басы 1-бетте)

Бұл ретте Президент бюджет ақшасын ғана емес, басқа көздерден де қаражат тарта отырып, ауыл шаруашылығын қаржыландыруды екі есе арттыру керек екенін айтады.

Егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге жеңілдікпен кредит беру көлемін бір жарым триллион теңгеге дейін, инвестициялық жобаларға – 800 миллиард теңгеге дейін жеткізу қажет. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдетілген лизингінің көлемін жыл сайын 450 миллиард теңгеге дейін ұлғайту қажет. Бұл ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту қарқынын жылына 10%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Президент Үкімет пен әкімдіктердің негізгі функцияларының бірі – елдімекендердегі қолайлы тіршілікті қамтамасыз етудің барлық жүйелерінің жұмысын үздіксіз үйлестіру екенін баса айтты. Сәйкесінше, коммуналдық-энергетикалық секторды жаңғыртуды жеделдетуге шақырды. Бұл ретте елімізде электр қуатын, жылу, су өндіру және беру бойынша қуаттардың тапшылығы бар екенін де айтты. Осы орайда Үкіметке елдің коммуналдық-энергетикалық инфрақұрылымын қалпына келтіру және дамыту үшін егжей-тегжейлі шаралар кешенін әзірлеуді тапсырды.

## «Түбегейлі реформалар жасалуы тиіс»

Сондай-ақ, елдің көліктік-логистикалық әлеуетін нығайту бойынша күш-жігерді жандандырудың маңыздылығы айтылды. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында теміржол саласының негізгі міндеттерін шешуге бағытталған бағдарламалық құжатты қабылдау тапсырылды.

Үкімет отырысында 2017 жылы басталып, әлі күнге дейін аяқталмаған «Астана-Балқаш-Алматы» тасжолы да айтылды. Одан бөлек, «Атырау-Астрахань», «Ақтөбе-Қандыағаш», «Талдықорған-Өскемен» республикалық жолының да жөндеу жұмысы бес жылдан асқан. «Биыл жөндеу жұмыстары толық аяқталуы тиіс» деген Мемлекет басшысы қазақстандық жолдардың сапасын да сынга алды.

Сонымен қатар, Президент экономиканы цифрландыруды жалғастырудың және жасанды интеллект технологияларын кеңінен қолдануды қамтамасыз етудің аса маңыздылығын атап өтті. Айтуынша, еліміз тек ғалымдар үшін ғана емес, нарықтағы түрлі компанияларға да қолжетімді болатын өнімділігі жоғары суперкомпьютер жасаудың алдында.

Президент назарынан әлеуметтік сала

да тыс қалған жоқ. Әлеуметтік көмектің тиімділігі мен атаулылығын арттыру қажет, бұл мұқтаж азаматтарды мақсатты қолдау үшін ресурстарды босатуға көмектеседі деген пікірде.

Денсаулық сақтау жүйесінің мәселелері де айтылды отырыста. Үкімет медициналық сақтандыру жүйесінің жұмыс істеуін қатаң бақылауға алу керек. Мемлекет кепілдік берген базалық бөліктен және жұмыс берушілер мен азаматтардың аударымдары есебінен қалыптастырылатын сақтандыру бөлігінен тұратын бірыңғай медициналық көмек пакетін қалыптастыруы тиіс.

– Табысқа жету үшін мемлекет пен қоғам ортақ мүдде жолында әрдайым бірге болуы керек. Біз өркениетті ұлт ретінде тек жарқын болашаққа ұмтылып, тек алға қарай қадам басуымыз қажет. Қазір Үкімет айрықша күзиретке ие болды. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану керек. Шұғыл түрде тиісті шешімдерді қабылдау қажет.

Мен бүгін бірқатар маңызды мәселеге тоқталдым. Әрине, басқа да өзекті мәселелер бар. Жаңа құрамдағы Үкіметтің алдында тұрған міндеттер – өте маңызды. Дерек жұмысқа кірісу керек. Түптеп келгенде, экономиканың әр саласында түбегейлі реформалар жасалуға тиіс, – деп аяқтады сөзін Қасым-Жомарт Тоқаев.

## • ДЕНСАУЛЫҚ

# Қатерлі ісіктің қаупі сейіледі

Облыс орталығында онкологиялық ауруларды емдеу үшін заманауи жабдықталған екі бөлімше ашылды. Жаңа химиотерапия және радиациялық онкология орталықтары бұрынғы облыстық клиникалық балалар ауруханасының орнында. Былтыр босаған ғимарат күрделі жөндеуден өтіп, заманауи медициналық құралдармен жабдықталған.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Денсаулық сақтау вице-министрі Вячеслав Дудник және Қазақстандық онкология және радиология Ғылыми зерттеу институтының директоры Диляра Қайдарова жаңа нысандарды аралады.

Пациенттер үшін бір, екі және үш адамдық жайлы палаталар әзір. Медициналық қызметкерлерді шақыру үшін SOS түймесі бар. Мұнда пациенттер химиялық және сәулелік терапиядан кейін оналтудан өтеді.

Күндізгі стационар күніне 60 адамды қабылдай алады. Егер бұрын пациенттер бір кабинетте сығылысып отыруға мәжбүр болса, қазір мың шаршы метрден астам орын бар.

– Біздің негізгі қорпуста орын тапшы. Облыстық балалар клиникалық ауруханасы жаңа ғимаратқа көшкеннен кейін босатылған нысан бізге пайдаланылуға берілді. Ол – ертеректе салынған ғимарат. Күрделі жөндеу жұмыстары былтырғы тамыз айынан басталған болатын. Бүгінде мұнда үш бөлім орналастырылған: химиотерапиялық, паллиативтік көмек және күндізгі стационар. Мұның бәрі пациенттерге сапалы медициналық көмек көрсету үшін қажет, – дейді №3 көпсалалы аурухананың директоры Гамаль Токсамбаев.

Гамаль Сайлауұлының айтуынша, барлығы заманауи стандарттар бойынша ұйымдастырылған.

– Радиациялық онкология орталығы әртүрлі ісіктерді емдеу үшін заманауи



Сурет облыстық онкология орталығында

технологияларды қолданады. Жеке инвестициялар есебінен томотерапия аппараты орнатылды. Бұған дейін мұндай аппарат тек Астана мен Алматыда ғана болған. Енді процедура осында да тегін жасалады. Қызметкерлер оқудан өткен, – деді ол.

Сонымен қатар, жергілікті бюджет есебінен жатыр мойны, простата және терінің онкологиялық ауруларын емдеуге арналған брахитерапиялық аппарат орнатылды.

Вице-министр Қарағанды облысының бастамаларын атап өтті.

– Жаңа орталықтағы томотерапия аппараты Қазақстан бойынша үшінші. Оның ашылуына 3 млрд. теңгеге инвестиция жасалды. Сонымен бірге, жергілікті әкімдіктің қолдауымен 570 млн. теңгеге брахитерапия аппараты сатып алынды.

Бұл аппаратта бірқатар онкологиялық ауруларды емдеуге болады. Жергілікті билік онкологиялық қызметті жаңғыртуға қаражат бөле отырып, дұрыс саясат жүргізуде. Бұл өмір сүру ұзақтығына тікелей әсер етеді. Бұл басқа аймақтар үшін өте жақсы үлгі, – деді Вячеслав Дудник.

Қымбат томотерапия аппаратымен жабдықталған жаңа радиациялық бөлімшенің ашылуы кез келген локализациядағы ісіктерді тиімді рентгенологиялық емдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік бе-

## • ЖОБА

# Қаржылық сауаттылық қажет

Республикалық АМАНАТ партиясы мен Halyk Bank-тің бірлескен бастамасымен өткен жылы елімізде қолға алынған «Қарызсыз қоғам» пилоттық жобасын жүзеге асыру биыл да жалғасады. Аталмыш жоба несие бойынша берешегі бар және борышкерлер тізімінде тұрған ауыл тұрғындары, қарызы бар және оның төлеу мерзімін өткізіп алған азаматтар, мемлекеттен жеңілдікпен несие алудан үміткерлерді оқытып, олардың қаржылық сауаттылығын арттыруды көздейді.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ол өз тиімділігін көрсетіп, бүгінде жалпыхалықтық бағдарламаға айналып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына Жолдауында бұл жобаның игілігін халық көруі керектігін атап өтіп, оның орындалысы сол 16 қыркүйекте Үкіметте қаралған.

Өйткені, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметтері бойынша соңғы 3 жылда тұтыну несиеcін алғандар саны өсіп, қазірде елімізде 8,4 миллион адамның мойнында 18 триллион теңге несие бар болса, соның ішінде тұрғындар шағын микроқаржыұйымдарынан 197 миллиард теңге онлайн қарыз рәсім-

да 3 апталық оқыту курсы ашылды. Оған партияның осы бөлімшесіне өтініш берген әр санаттағы 45 адам қабылданып, қаржылық біліммен қарулануға кірісті. Олар таңертеңгі сағат 9:00-ден түскі 13:00-ге дейін білікті модератор Тимур Рақымжановтың пайдалы дәрістерін тыңдап, оны бітіргенде сертификат алып шығады.

Тегін оқыту курсына қатысушылардың бірі Айдана Жармағамбетова бұл жобаның өзінің алдағы іс-жоспарларын жүзеге асыруға көмегі тиетінін айтса, ал, үй шаруасындағы келіншек Әсел Шаймарданова осында алған мағлұматтарын туыстары, таныстарымен бөлісіп, оларға көзсіздікпен қарызға кірмеуден сақтандырмақ ойда.

– Біз осы жоба бойынша биыл тағы да 4 оқыту курсы ашып, ауданның бар-



депті. Бұдан бөлек алаяқтарға алданып, қарызға белшесінен батып, алақан жайып отырғандар қаншама.

Міне, сондықтан да тұрғындардың қаржылық сауатын арттырудың алғашқы қадамы Абай ауданында да басталып, осындағы АМАНАТ партиясының аудандық бөлімшесінде 5 ақпан-

лық елдімекендері тұрғындарын оқумен қамтуды жоспарлап отырмыз, – дейді АМАНАТ партиясы Абай аудандық бөлімшесінің төрағасы Нұрлан Адашев.

Абай ауданы

Суретті түсірген автор

## • ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

# Аудан орталығында автобус жүре бастады

Қарқаралы қаласының ішінде жолаушылар мен қол жүгін тасымалдау мақсатында қоғамдық автобус ұйымдастырылды. Қаланың екі басынан бір-біріне қарама-қарсы бағытта қатынайтын екі автобустың бірі «Нұр-Али» ЖК-нің жекеменшігі болса, екіншісін кәсіпкер қаладағы коммуналдық кәсіпорынан жалға алған.

Тасымал жұмысы өбден қалыптасып, жолға қойылғанша кәсіпкер Рахметолла Мақышев жүргізушілік міндетті де өз мойнына алған. Автобуспен қатынау үшін жол ақысы: ересектер үшін – 70 теңге, балалар үшін – 30 теңге.

Қоғамдық автобустар қала ішінде, белгіленген кесте бойынша, үш мезгіл жүреді. Айта кету керек, қоғамдық көліктің жүру кестесін әзірлегенде ең алдымен оқушы балалардың сабаққа бару уақыты ескеріліп, негізге алынды.

Алдағы уақытта автобустардың жүру бағытын өзгерту бойынша халықтың сұ-

раныс-тілектері ескерілетін болады.

Автобустар бастапқы екі айда қоғамдық көлікке деген сұранысты бағамдау үшін жүргізіледі. Яғни, автобустың өз шығынын ақтап, әрі қарай тұрақты жүріп-тұруы халыққа қаншалықты қажет боларына байланысты. Сондықтан, Қарқаралы халқы осы қоғамдық көліктің тұрақты қатынасуын қаласа, олардың қызметін жиірек пайдаланғаны абзал.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ

ҚАРҚАРАЛЫ

# «Банк қонырау шалмайды!»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оңтүстік-Шығыс полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Ерлан Мұсабеков әуелі қылмыстың алдын алуға мән беретіндерін айтады. Ол үшін күн сайын учаскелік полиция қызметкерлері тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, буклеттер таратады. Айтпақшы, құқық қорғау органы да қылмыспен күресудің түрлі жолдарын ойлап табуда. Ол үшін «танымал жұлдыздардың» әлеуметтік желілерін пайдаланып, алаяқтық жасағандардан сақ болуға үндейді. «Соған қарамастан, әлі күнге дейін қылмыстың тіркелу санын азайта алмай отырмыз», – дейді Ерлан Елеукеңұлы.

Бірақ, алдын алу шараларының да әсері бар екенін айтады полицейлер. Мәселен, қазір OLX немесе Krisha.kz сайттары арқылы алданушылар саны азайған.

– Соңғы уақытта Қарағанды қаласы-



Коллаж М.Өйтенова

ның аумағында халық арасында стационарлық телефон байланысын пайдала-

ну арқылы алаяқтық жасау жағдайлары жиілеп кетті. Мысалы, жол-көлік оқиға-

сы үшін жауапкершіліктен құтқарамыз деп, алаяқтық жолмен ақша қаражатын иемденуде. Бұл ретте алаяқтар көбінесе халықтың ең сенгіш бөлігін – карт адамдарды алдайды. Себебі, жетпістен асқандардың жастармен салыстырғанда қаржылық және цифрлық сауаттылығы төмен. Бұл алаяқтар үшін қолайлы, – дейді Шахназар Салин.

Полковник Қарағанды қаласы бойынша жол-көлік оқиғаларын сылтау еткен 19 телефон алаяғы ұсталып, жедел-іздістіру іс-шараларының нәтижесінде олардан 12 849 600 теңге алынғанын айтады.

Интернет арқылы жасалған қылмыстың ашылуы да қиындық тудырады. Ол бір-екі күннің шаруасы емес. Бұның себебі – қылмыскер дүниенің кез келген бұрышынан отырып-ақ, құқық бұзушылықты жасай беретінінде.

Қалалық полиция басқармасында жеті құрылымдық бөлім жұмыс істейді. Оның үшеуі – Қазыбек би ауданында және төртеуі – Ә.Бөкейханов атындағы ауданда. Барлығында «Киберпол» арнайы бөлімшелері құрылған.

– Киберпол бөлімшелері қызметкер-

лерінің құрамына тергеушілер, криминалистер кіреді. Олар тек қана интернет алаяқтыққа қатысты қылмыстарды анықтап, тергеп-тексереді. Одан бөлек, Қарағанды қаласының полиция басқармасында «Киберкадетия» да бар. Саран, Шахтинск, Абай, Теміртау қалаларындағы полиция бөлімдерінің мамандары осы жерге келіп, IT-мамандарынан арнайы білім алады, – дейді Шахназар Салин.

Дегенмен, полицейлер тұрғындардың интернет алаяқтарға қарсы жүргізілетін алдын алу шараларынан мезі болғанын айтады. Бірақ, алаяқтармен күрестегі жалғыз жол осы ғана болып тұр. «Егер полиция қызметкері жақындап, интернет алаяқтыққа қатысты өзіңіз білетін ақпаратты айта бастаса, неміқұрайлық танытпай, тағы бір мәрте тыңдағандарыңыз дұрыс. Буклеттеріміздегі жалғыз ғана «Абайлаңыз, алаяқ!» немесе «Банк қонырау шалмайды!» деген сөздерді жадыңызда ұстасаңыз болды. Ал, аты-жөніңіз бен жеке деректеріңізді өзіңіз бермесеңіз, алаяқтар да атыңызға несие рәсімдей алмайды», – дейді олар.

• ЖАҒЫМДЫ жаңалық

# Иесіз иттерге панажай ашылды

Қарқаралы ауданында қаңғыбас иттерді уақытша ұстауға арналған панажай (питомник) ашылды. Иесіз иттерге қамқор мекен аудан орталығынан екі шақырым жерде орналасқан. Қарқаралыны тамаша табиғат әлемі қоршап жатқанын ескерсеңіз, елдімекеннен аулақ болса да жаман жер емес екенін ішіңіз сезер.

Панажай бір мезгілде жиырма итті ұстай алады. Ұстайды деп ит болғасын айтып отырмыз, әйтпесе кәдімгідей күтеді. Арнайы жабдықталған 500 шаршы метрлік аумақта қаңғыбас хайуандарды қауіпсіздікте ұстап, чиптеу үшін керекті жағдай жасалған. Әрине, қауіпсіздік дегенде адамдардың қауіпсіздігін айтып отырмыз. Әйтпесе, ит адамды қапса, адам итті қаппайды ғой. Осы күнге дейін қанша баланы талап, неше адамға шапса да, итке от та жоқ, сот та жоқ. Ал адамдар үшін 2023 жылдың наурыз айында шыққан «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заң бар. Ол аз де-сеңіз, былтырғы 1 қыркүйектен бастап, барлық үй жануарларын есепке алып, чиптеу міндеттелген. Соған сәйкес, елдегі барлық ит-мысықтар тіркеліп, олардың бәрінде жеке сәйкестендіру нөмірі болуға тиіс. Үйіндегі ит-мысықты тіркемеген немесе тіркеу нормасын бұзған адамға біздің елде заң бойынша айыппұл салынады. Оның мөлшері: жеке тұлғалар үшін – 10 АЕК (36 920 теңге), бір жыл ішінде қайталанса – 20 АЕК (73 840 теңге).



бюджетінен екі миллиардтай қаражат бөлінгенін білеміз.

Әлеуметтік осал топқа жататын отбасылардың ит-мысықтарын тіркеу үшін бюджеттен қаржы бөлу көзделген. Иесіз, яғни, қаңғыбас ит-мысықтарды аулау, шара қолдану жергілікті атқарушы органдардың мойнында. Елдегі ит-мысықтардың есебі Тапна.kz ақпараттық сервисінде жүргізіледі. Біздің облыста былтыр бес мыңдай ит, екі мыңдай мысық тіркеуге алынған. Жүздеген қаңғыбас ит ауланып, бірдейлендіріліп, вакциналау, зарарсыздандыру шаралары жүргізілгеннен кейін, бұрын қаңғып жүрген жеріне қайта апарып тасталыпты. Азбанға айналғаны болмаса, итекендер санитарийге барып қайтқандай болыпты. Солай дегенмен, басқа

амал қайсы: өлтіруге заң қарсы, басқа апаратын жер тағы жоқ. Осы шаралардың өзіне өткен жылы облыс бюджетінен 146,7 млн. теңге жұмсалған. Қарқаралыдағы панажай да әл-

зеге асыруға жауапты. Ал, жануарларды қорғау ұйымдары қаңғыбас иттер мәселесін көтеріп, қаражат пен инфрақұрылым проблемаларын шешуді сұрап отыр. Олар арнайы орталықтар мен

уақытша ұстау пункттерін салуға жеткілікті ақша бөлінбегенін айтуда», – деп Үкімет қаулыларынан дабыл қағып еді. Ал, мінеки, салынды тағы бір панажай. Ауданның атқамінерлері қолдан келгенін жасап отыр. Осы амалдан өзі қаңғыбас, өзі қабаған иттердің мәселесі шешіле ме? Бар мәселе қолданыстағы гуманистік заңға тіреледі. Игімен бірге жатып, бірге тамақ ішетін Батыстың төртібі біздің ділімізге келмейтінін жоғары билікке ұқтыра алмай пұшайман болдық кой.

Әкс-министр З.Сүлейменова: «Біз заңнамадағы олқылықтарды жетілдіру үшін жануарларды қорғау ұйымдарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейміз. Жергілікті атқарушы органдар жұмысты ұйымдастыру мен жү-

уақытша ұстау пункттерін салуға жеткілікті ақша бөлінбегенін айтуда», – деп Үкімет қаулыларынан дабыл қағып еді. Ал, мінеки, салынды тағы бір панажай. Ауданның атқамінерлері қолдан келгенін жасап отыр. Осы амалдан өзі қаңғыбас, өзі қабаған иттердің мәселесі шешіле ме? Бар мәселе қолданыстағы гуманистік заңға тіреледі. Игімен бірге жатып, бірге тамақ ішетін Батыстың төртібі біздің ділімізге келмейтінін жоғары билікке ұқтыра алмай пұшайман болдық кой.

Болатбек ӘШМҰЛЫ  
Қарқаралы ауданы

Сурет Қарқаралы ветстанциясынан алынды

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

## Мамандықтар әлеміне бағдар

Бұрма тірек мектебінің ресурстық орталығында өткен «Менің болашақ мамандығым» кәсіптік бағдар беру апталығында оқушылар жоспарларымен таныстырды. Болашақ мамандыққа қол жеткізудің мүмкін модельдерін атады.



Заман ағымына ілесіп, білімді жас санатына қосылу үшін терек білім мен біліктілік қажет. Мамандық таңдағанда аласпаған дұрыс. Бүгінде мамандықтың түр-түрі бар. Оларды іріктеп, өз икеміне қарай таңдай білген жөн. Ұлы педагог К.Ушинский: «Егер мамандықты таңдап алуды сіздің жолыңыз болса, осыған бар жігеріңізді сарп ететін болсаңыз, сізден асқан бақытты жан жоқ» деген екен.

кәсіптік іс-шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Жүз жол – біреу сенікі» кәсіби бағдарлар стенді ұйымдастырылды.

Кез келген түлек мамандық таңдарда келергілерге тап болуы ықтимал. Сол себепті, әр баланың болашағына «Жасөспірімдердің кәсіби өзін анықтау» әдебиеттер көрмесі талданды. Бұрма ауылдағы жергілікті мекемелерге саяхат, мектеп оқушыларына психологиялық тұрғыдан әлеуметтік сауалнамалар, сурет байқаулары өтті.

С.МАЙҚАНОВА,  
Бұрма тірек мектебінің кәсіби бағдар беруші педагогы

Шет ауданы

• МЕЙІРІМ

## Қайырымдылық – қайырлы іс

Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы бірлестігінің төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бастамасымен облыс бойынша «Зекет және қайырымдылық» қорының жауапты өкілі Асылхан Түсіпбековтің ұйымдастыруымен әлеуметтік осал топтағы отбасыларына көмек берілді. Бұл игі шараға облыстық білім басқармасы, №14 мектеп-гимназиясы ұжымы қолдау көрсетті.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Асылхан Түсіпбековтің айтуынша, мұндай игі шара еліміздің бірнеше аймағында орын алған. Көбінде жергілікті кәсіпкерлер және қоғам белсенділері, діни мамандардың мұрындық болуда. Жалпы, облыс бойынша көмекке мұқтаж 15 отбасы азық-түлік және киіммен қамтамасыз етілді. – Қайырымдылық – қашанда сауапты іс. Әсіресе, облыстағы

осал топтағы отбасыларына көмек беру – ауыз толтырып айтарлық іс. Бұдан бұрын Ақтөбе, Шымкент, Алматы сынды қалаларда біршама отбасына азық-түлік пен киім-кешек алынған-тын. Осы шараның басы-қасында ұйымдастырып жүрген жандардың айтары – біреу. Көмек алған әр отбасының шынайы алғысы шексіз көрінеді. Тіпті, көз жастарына ерік бергендерде бар, – дейді Асылхан Түсіпбеков.



Сурет шараны ұйымдастырушылардың

### Еске алу



Уақыт шіркін жүйткіп келе жатқан пойыздай бір сәт тоқтамай зымырап өте береді екен. Көзді ашып-жұмғанша кеше ғана ортамызда жүрген аяулы жандарымыздың бейнесі көмескіленіп, сағымға айналып бара жатқандай. Бірақ, сонда да көңіл қимайды, сағынады, асылдарымызды күніне бір рет болса да, есімізге алып, күрсініп қоямыз. Сондай сағынышпен еске алатын, мәңгі ұмытпайтын ардақты адамдарымыз, ол, әрине, туған ата-анамыз.

Қарқаралы ауданы, Егіндібұлақ селосының тумасы, аяулы анамыз Бәтима Осанбекқызы СҮЛЕЙМЕНОВНАНЫң өмірден озғанына да бір жылдың жүзі болды.

Әке-шешеміз 1957 жылы бір-бірін тауып, қосылып, шаңырақ құрып, бара-бара үлкен ордалы отбасына айналды, 10 бала өсіріп, тәрбиеледі, анамыз «Батыр-Ана» атанды. 64 жыл бірге өмір сүріп, жапырағы жайқалған үлгілі отбасына айналды, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды.

Анамыз Бәтима өзін шын мәнінде бір үлкен әулеттің анасы ретінде ұстай білді. Шымнан соғылған Жұмаш атамның ескі үйінде тұрғанда асыл жарының барлық інілері мен қарындастарына қамқор болды, өзінің бауырлары да сол үйден табылатын, және солардың бәрінің көңілін тауып, кейін бәрін үйлендіріп, бір-бір үй қылып шығарған да осы біздің әкеміз бен шешеміз еді. Анамыздың мінезі ажарқын, көпшілі еді, адамгершілік пен парасаттылықтың туын биік ұстай білді. Зейнеткерлікке шыққанға дейін Егіндібұлақ селосындағы №1 балабақшада аспазшы болып 30 жылдан астам еңбек етті, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуге зор үлесін қосты.

90 жастағы екі қарияны: үлкен шешеміз бен нағашы апамызды қолында ұстап, күтіп, баталарын алған осы біздің анамыз еді. Өмірінің соңына дейін балалары мен немере-шөберелерінің тілеуін тілеп отырды. Анамыз сондай ақкөңіл, тез қимылдайтын, шашпақ болатын, кез келген нәрсеге қарап тұрмай кірісіп кететін ширақ, дастарханы мол, әрқашан жаюлы, қонақжай болушы еді. Ешқайсымызға салмақ салмай, бір күн де ауырып жатпай, қас-қағым сәтте өмірден озып кете барды. Алладан келген ажалмен ешбір жұмып басты пенде сөз таластыра алмайды. Сондықтан, кеше ғана ортамызда жүрген анамызға дұға жасай отырып, Алла Тағалаға жалбарынып, өз рахымына бөлеп, панасына алуын тілейміз.

Аяулы анамыздың жарқын бейнесі мәңгі бақи есімінде. Жаныңыз жәннатта, нұрның пейіште шалқысын, Жан Ана.

Көңілім – пәс, қабағым жүр ашылмай,  
Түпсіз ойлар түн ұйқымды қашырды-ай,  
Анажаным, Сізді аңсап өткізген  
Бір жыл бізге болып кетті ғасырдай.

Сағынышпен еске алушылар: **балалары, немере-жендері, шөберелері.**

**Р.С. Марқұм** анамыздың өмірден өткеніне байланысты бір жылдық асы Қарағанды қаласы, Шахтерлер даңғылы, 10, Әнет баба орталық мешітінде 2024 жылдың 17 ақпанында сағат 13:00-де беріледі.

т/б

### Еске алу



Мен сені сағынамын!  
Аман болсаң, биыл 75-ке ғана толар едің. Мәз-мейрам болып, бірге тойлар едік кой. Бірақ туған күнді тойлауды ұнатпайтын едің. Елуінді де, алпысыңды да тойламадың. Бірақ Аллам саған 67 жасын ғана бұйыртыпты. Амал қанша?! Уақыт өз дегенін жасайды. Перзенттеріңнің қызығын көрсен де, немерелеріңнің қызығын көрмей кете бардың. «Іні табылғанмен, аға табылмайды» деген сөз бар ғой. Мен сені сағынып жүрмін, Айтжан. Жүрегімің қолқасы үзілдерей керемет сағыныш билейді кей кезде. Балалық шақты еске алам, сен маған қарайлап, достарыңмен көп ойнаған да жоқсың, мені жаныңнан бір елі тастамаушы едің. Сен қаладағы интернаттан келгенде сонау ауылдың шетінен алдыңнан шығып, мойнына асылып, өкіріп жылап қарсы алушы едің. Сол сезім әлі күнге дейін ұлғаймаса, өшкен жоқ. Менің еркілігімді көтердің, есейгенде мен саған «тыныс» бола алдым ба? Жаның қиналғанда сүйеніш бола алдым ба? Әй, қайдам... Уақыт емші дейді, сол емші жүрек жарасын әлі жаза алмай келеді, ол сағыныш менімен бірге кететін шығар.

Еңбекке ерте араластың, біздің ауданға еңбек сіңірген азаматтың бірі сендей-ақ болсын, зейнетің көре алмадың. Нұрәлінің мен Айзереңнің сәби қылығын көргенмен, есті кезіңе жете алмадың. Олар да ізінді жалғастыра өркені болып өсіп келеді. Тірі адам тіршілігін жасай береді ғой. Ұрпақтың ұмытқан жоқ, артыңнан дұға оқытып, еске алып тұрады. Осы сөгіз жыл ішінде асыл жарың Алтын бір бейсенбі-жұманы шепсексіз өткізген жоқ. Орнында бар оңалар дегендей, босағаннан береке кеткен жоқ, шаңырағыңның түтіні түтетулі. Тәубе. Бірақ орнын үңірейіп тұр.

Тірі болсаң жетпіс беске ғана келер едің...  
Мен сені сағынамын, бауырым.

**Отбасың мен туыстардың атынан сағынып еске алушы – бауырың Амангелді.**

№53

• ҰЛТТЫҚ ОЙЫН

## Ханталапай ойыны бөбекжайда

Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Солардың қай-қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған. Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлттық ойындар. Мектеп жасына дейінгі шақтығы негізгі іс-әрекет – ойын әрекеті болғандықтан бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындардың орны ерекше.

Қазақ халқында балаларға арналған ұлттық ойындар жетіп артылады. Осы орайда Қарағанды қаласы «Балбөбек» бөбекжайы педагогтері балаларды физикалық тұрғыда дамытуға, ойлау қабілетін жетілдіруге, епті болуға бейімдейтін асық ойындарына баса назар аударуда. Бөбекжай педагогтері асық ойындарының барлық ерекшелігін, қыр-сырын зерттеп, ізденіс жұмыстарын жасап, асық түрлерінің ерек-

шеліктерімен бала білімін толықтыру жолында еңбектенуде. Бөбекжайда балабақша ішкілік жарыстарда асық ойындары көп қолданылады. Соның ішінде қазақтың ежелден келе жатқан Ханталапай ойыны. Ханталапай ойынын мектепалды топтары балалары аса қызығушылықпен ойнайды, асық ойнау арқылы балаларды дәлдікке, мергендікке, ептілікке жеңіске деген құштарлыққа, намыскойлыққа, әділдікке баулу мақсаты

көзделген. Бұл ойынның басты ерекшеліктерінің бірі – ойында тек ер балалар ғана емес, қыз балалар да ойнайтын болған. Ойынның ережесі бойынша төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асық өзгелерден ерекшеленіп тұруы қажет. Оның түсі не қызыл, не көк түске боялуы шарт.

Балалар асық ойыны арқылы санауды, түстерді бекітіп, асық түрлерінің ерекшеліктерін біледі, асық терминдерін (алшы, тәйке, бүк, ішік және омпы) жатқа біледі, асықты иіріп ату әдісін үйренеді, сонмен қатар балалар ойындары ойнау арқылы шыңдала түсіп, ойынның күрделі тәсілдерін де үйренеді. Мысалы, асықты ату барысында атылған асықты қай қолмен алу шарты (асық оң жақ қолмен атылса, атылған асықты тек сол жақ қолмен алу).

Осы жақсы қасиеттердің арқасында бұл ойындар жалғасын табууда. Бөбекжай тәрбиеленушілері Қарағанды қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Ханталапай» жарысына қатысып, берілген тапсырмаларды орындап, ойынға қызығушылықпен атсалысып, Алғыс хатпен марапатталды. Ойнай білген адамға асықтың пайдасы орасан зор. Сол ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түседі.

**Т.САРСЕКЕЕВА,**  
Қарағанды қаласы  
«Балбөбек» бөбекжайы КМҚК  
дене шынықтыру нұсқаушысы,  
**Б.РЫСЖАНОВА, Ж.КАСЫМОВА,**  
тәрбиеші  
№55

Электрондық пошта: **ortalyk.kaz @mail.ru**

43-21-55  
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

# Тарихтан тағылым

Тарихи соғыс көрінісі қайта жаңғырды. Бұлай деуге себеп – Саранда орналасқан 44803 әскери бөлімінде майор Рамазан Бактияровтың сарбаздармен бірге құрған диорамалары. Онда атакты «Бородино шайқасы» мен «Курск шайқасы» көрсетілген. Тарихи оқиғаларды сарбаздар модельдеу арқылы келтірген.

**Жан АМАНТАЙ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Рамазан Бактияров сонау Кеңес Одағының маршалы Г. Жуков атындағы Әуе-ғарыштық қорғаныс академиясында оқып жүргенде модельдеу өнеріне қызығушылық танытқан. Содан бері бейнелеу өнері мен диорамаларға бір бүйрегі бұрып тұрады. Кейін негізгі мамандығымен қатар, нақты тарихи әскери эпизодтардың сюжеттері бойынша әскери шайқастардың диорамаларын құра бастады.

– Әр адамның өзіне тән сүйіп айналысатын ісі болады. Модельдеу – менің хоббиім десем де рас. Бұдан бұрын Ресейден оқуымды тәмамдап келген соң, командирдің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары болып жұмысқа орналастым. Осы сәтте жаным бейнелеуге бейімі бар жас сарбаздарды серік етіп, бірге әртүрлі модельдер жасадық. Олар ежелгі шайқастар. Ал, 2021 жылы алғаш рет «Курск шайқасының» диорамасын жасадық. «Ауғанстандағы соғыс», «Қазақстан Республикасы Қару-



Сурет облыс әкімінің сайтынан

лы Күштеріне – 30 жыл» сынды тақырыптарға да аянганымыз жоқ. Біршама уақыттан соң, бұл өнерді егжей-тегжейлі меңгеріп, күрделі құралдармен жұмыс бастадық. Мысалы «Вьетнам соғысы» диорамасы – өте күрделі. Оған күш-жігер, сабыр қажет. Міне, бұл жұмыстардың барлығы сарбаз сабырлылығын талап

ететіні анық, – деді Рамазан Бактияров. Бүгінде тәмамдалған соңғы жұмыстардың бірі – «Бородино шайқасы» диорамасы. Модельдеуші сарбаздардың сөзінше, ең қиыны, әрі күрделі жұмыстың бірі де осы болған. Себебі, бұл көріністің ұсақ бөлшектері көп көрінеді. Олар – 300-

деу. Әскерге келген кезде жаңа хобби туралы өзім де білмедім. Кейін әуестеніп, бейімделдім, – дейді мерзімді қызметтегі қатардағы жауынгер Артем Чураев.

Сарбаздардың сөзінше, модельдеу өнерінде жазықтықтағы ашық соғыс көрініс табады. Оған бар-жоғы кішкене кышпен тастар, ағаш бұтақтары, құм, саз, шөпті пайдаланатын көрінеді. Ал, оның бәрін әскери бөлімшенің аумағынан табуға болады. Әдетте артқы фонға басып шығарылған түрлі-түсті тарихи фотосуреттер пайдаланылады.

Рамазан Бактияров құрама модельдерге арналған бөлшектерді, сондай-ақ қажетті импровизацияланған материалдарды өз қаражатына сатып алған. Ал, ол арзанға түспейді. Әсіресе, сирек кездесетін модельдерге шетелден тапсырыс беру керек екен.

– Бір диораманы жасау үшін шамамен екі ай уақыт қажет. Қанша қиын әрі күрделі болса, соншалық, қызық жұмыс. Бұдан ең әуелгі талап мүсінші мен суретшілер біздің тарихымызды жетік меңгеруі керек. Сонда ғана жасаған диорамалар әсерлі әрі шынайы болып шықпақ, – дейді дивизион командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары Рамазан Бактияров.

Мұндағы сарбаздар тарих пен тағылымға ерекше ден қойған. Оны диорамдағы шайқастар көрінісінен аңғаруға болады.

МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

## Келешегі жарқын үйірме

Мұхтар Әуезов атындағы қалалық кітапханада балалардың шығармашылық үйірмелері сәтті жұмыс атқаруда. «Султик» деп аталатын үйірмеде өнерге бейім бүлдіршіндер шоғырланды. Әр жында түрлі тақырыптарды тандап, сол тақырып аясында өз өнерлерін паш етеді. Мәселен, кезекті бір жында балалар Қарағандының 90 жылдығына орайластырыпты.

**Ерік НАРЫН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Үйірме қатысушылары «Келешекте Қарағанды қандай кейіпте болуы тиіс?» деген тақырыпта пікірталас жүргізді. Пікірталас барысында бүлдіршіндер өз эмоциясын жасыра алмады. Шаһар келбеті мазмұнына арқау болған жырларын оқып, әндерін шырады. «Өзге қалада жоқ, сәні мен салтанаты жарасқан зәулім сарайлар салынса» деген армандарын да жеткізді. Сонымен қатар, кеншілер шаһарының ажарын ашып тұрған ғимараттардың макетін жасады. Цирк, орталық саябақ, Сәкен театры, ірі сауда орталықтары бала қиялында бой түзепті. Бәрін де түпнұсқадан айнытпауға тырысқан.

– Балғын колонершілердің қолымен жасалған туындылар кітапхананың сөрелеріне қойылатын болады. Бұл – жас шеберлерді талапталдыратыны сөзсіз, – дейді ұйымдастырушылар.

Аталған үйірме балалардың шеберлігін шындаумен қатар, патриот болып өсуге жетелейді. Бос уақытын тиімді пайдалануға көмектеседі.

## Балалар қиялындағы Қарағанды

Облыстық бейнелеу өнері музейінде кенді шаһардың 90 жылдығына орай «Қарағанды – менің жүрегімде» атты көрме өтті. Көрмеге №4 арнайы мектеп-интернаты оқушылары салған суреттер мен жасаған ғимараттардың макеті қойылды.

**Ерік НАРЫН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрмеге 90-нан астам жұмыс қойылды. Қаланың ажарын ашып тұрған көрнекі ғимараттар мен шаһардың бойтұмарына айналған ескерткіштердің макеті көрермен назарына ұсынылды. Көрме салтанатты түрде ашылды. Өн шырақалды, би биленді.

– Экспозицияда әртүрлі техникада орындалған жаңа жұмыстар ғана емес, бұрын қойылған жұмыстар да бар. Бұл – бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер, соның ішінде пластиктен жасалған жұмыстар және басқалары да бар. Облыстық мешіттің макеті де ұсынылды. Мұндай жобалар балалардың ойлау қабілетін дамытады. Осындай шаралар оқушыларға қазіргі әлемге бейімделуге, өмірде өз орнын табуға мүмкіндік беретін әлеуметтік дағдыларды сіңіреді, – деп есептейді №4 арнайы мектеп-интернатының директоры Гүлнар Қырғызбаева.

Облыстық мешіттің макеті былтыр жасалған екен. Мұның бәрі «Тауелсіздік жылдарында салынған Қарағанды ғимараттары» жобасы аясында жүзеге асқан.

– Мешіттің макеті – 6 және 8 сыныптардың бірлескен жұмысы. Біз ПВХ, қағаз, өздігінен жабысатын тұсқағаз, картон, желім қолдандық. Мен ғимараттың алдыңғы бөлігін, есіктер мен мұнараларды жасадым. Менің ойымша, ойлағанымыз жүзеге асты, – дейді 8-сынып оқушысы Аружан Жұмашева.

9-сынып оқушысы Лучета Лисихай Станиславский театрына қарама-қарсы ор-

наласқан «қобыз» мүсіндік композициясын салыпты.

– Мұнда менің бір жұмысым – қобыз қойылды. Мен бұл аспапты жақсы көремін



Суреттер облыс әкімінің сайтынан

наласқан «қобыз» мүсіндік композициясын салыпты.

– Мұнда менің бір жұмысым – қобыз қойылды. Мен бұл аспапты жақсы көремін

және сурет салғанды өте ұнатамын. Мен қарындаштар мен боюларды жана идеялар пайда болған кезде ғана қолға аламын, – деп бөлісті Лучета Лисихай.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

## Тоғызқұмалақ бәсекесі мәреге жетті

Жасөспірімдер мен жастар арасындағы тоғызқұмалақтан өткен облыстық чемпионат аяқталды. Облыстың 140-қа жуық ойыншысы өз араларында мықтыны анықтады.

**Аяулым СОВЕТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Дәстүрлі чемпионатта блиц пен классикада төрт жас санатындағы (15, 17, 19 және 21 жасқа дейінгі) ұлдар мен қыздар бақ сынады. Жеңімпаздар наурыз айында Әскеменде өтетін жастар арасындағы Қазақстан чемпионатында бақ сынаиды.

Қазір облыста тоғызқұмалаққа ерекше көңіл бөлінуде. Өткен жылы алты спорт шебері топ жарды. Жасөспірімдер арасындағы тоғызқұмалақ Бұқар жырау және Ақтоғай, Шет ауданында қарқын алған, –

дейді тоғызқұмалақтан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Елена Каримова.

Чемпионатта теміртаулық Нұрғайым Сайдулла 19 жасқа дейінгі жас санатында классикадан жеңімпаз атанды.

– Чемпионат қарқынды әрі қызықты болды. Жеті ойын өткіздік, біреуінде ұтылдым. Қарсыластарым Ақтоғай, Бұқар жырау аудандары мен Қарағандыдан болды. Жалпы, тоғызқұмалақ сабырлы әрі логикаға сүйенетіндерді ұнатады. Оны отбасымызда барлығы ойнайды. Ал, мен төрт жасымнан қызығушылық таныттым, – деді Нұрғайым Сайдулла.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

КОНЬКИМЕН ЖҮГІРУ

## Канададан қола жүлде

Жерлесіміз, қарағандылық конькимен жүгіруші Екатерина Айдова Қазақстан әйелдер құрамасы сапында ересектер арасындағы Әлем Кубогында сәтті өнер көрсетіп, қола медаль жеңіп алды. Бұл – Қазақстан тарихындағы командалық спринттегі алғашқы жеңіс.

Жарыс Канаданың Квебек шаһарында өтті. Канадада тәжірибелі Екатерина Айдова, жасөспірімдер арасында екі дүркін Әлем чемпионы Алина Дауранова және жасөспірімдер арасында Әлем чемпионы Инесса Шумекова жарыс алаңына шықты.

Спортшылардың алғаш рет осы құраммен өнер көрсеткенін атап өткен жөн. 1:29.16 нәтижесі мәреге үшінші болып келіп, қоладан медаль тағынуға мүмкіндік берді.

Нидерланд құрамасы алтын, польшалықтар күміс жүлдеге ие болды.

СУ СПОРТЫ

## Арқа аруының алтын алқасы

Теміртаулық спортшы Наргиз Болатова Қатар елінің Доха қаласында өткен су спорты түрлерінен Әлем чемпионы атанды. Синхроншы Эдуард Киммен жұптасып алтын медальға ие болды.



Су спортының «Көркем жүзу» түрі бойынша ұлттық құрама өкілдері аралас дуэттер арасында қарсылас шақ келтірмей, қара үзді. Бұл – су спортынан Әлем чемпионаттарындағы Қазақстанның алғашқы алтыны.

Төрешілер алқасы Наргиз Болатова мен Эдуард Кимнің өнеріне тәнті болып, 228 ұпай берген. Қытайлықтар күмісті, мексикалықтар қоланы қанағат тұтты.

Наргиз 7 жасынан бастап, Теміртауда синхронды жүзумен айналысады. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, суда жүзу түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрамасының капитаны.

ХОККЕЙ

## «Ертістен» ептірек шықты

Кеншілер өлкесінің мақтанышы, қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы кезекті жеңісіне қол жеткізді. Сырт алаңда өткізген тартысты ойында «Ертіс» клубымен кездесіп, қарсыластарын 2:4 есебімен басым түсті.



Жерлестер бұған дейінгі матчта «Арлан» клубын тізе бүктірген еді. Бұл жолы да жеңісті жолын жалғастырды.

Алғашқы айналымда жерлестер сапынан Тимур Шингарев есеп ашса, араға 13 минут салып, қарсыластар таразы басын теңестірді. Гол авторы – Нияз Абдрашитов. Екінші айналымда жерлестер есепте алға шықты. Бұл жолы Егор Кузьменко көзге түсті.

Үшінші айналымда алаң иелері сапынан Артур Шетле шайба салды. Ойынның 47-ші және 57-ші минутында Антон Золбин қос шайбаны қақпаға тоғытып, қарсыластарын қапы қалдырды.

Дайындаған  
**Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»  
Суреттер ашық дереккөзден

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Ararat» ЖШС

Директор –  
**Қайрат Жүнісұлы ӘБИЛДА**  
Директордың орынбасары –  
**Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор –  
**Е.К. МУСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары –  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призраксы: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нура, Осақар: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № K218VRY00030163 күнәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJZKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 457

№ 16 тапсырыс. Индекс 65484  
Оффсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Жан АМАНТАЙ**